

**Қосымша білім беру орталығы «Еркін күрес» үйірмесінің жетекшісі
Жарқынбеков Мейірбектің 2024-2025 оқу жылындағы екінші
тоқсандық анықтама есебі**

Үйірменің мақсаты: Салауатты өмір салтын қалыптастыру, спортқа дарынды балаларды үнемі іздестіру. Балалардың спортқа қызығушылығын, дене қимылын, күреске деген ынталарын арттыру. Күрес барысында оқушылардың дұрыс құлауын, еш жеріне зақым келмеуін, әр оқушының іс-әрекетін, қимыл-қозғалыстардың ырғағын сақтай білуін қадағалау. Күресті оқушыларға дұрыс үйрету, қателіктерін күрес барысында айтып отыру. Спорттық жарыстарға балаларды қатыстыру, әдіс және айла тәсілдерін дамыту, салауатты өмір салтын ұстану.

Еркін күрес үйірме мүшелері екінші тоқсан барысында жоспар бойынша оқу-тәрбие жұмыстарына араласа білді.

Жоспар бойынша үйірме мүшелері **«Бір орыннан ұзындыққа секіру»**, **«Жүгіріп келіп ұзындыққа секіру»**, **«Акробатикалық жаттығулар тізбегін»**, **«Қатар көрмеде жасалатын жаттығулар»** тәрізді әдістермен жұмыс жасады. Сонымен қатар үйірме мүшелері қалалық, аудандық, облыстық, республикалық ашық турнирлерге қатысып және қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен өткізілген іс-шараларға да жақсы ат салысты.

Жылдық жоспар бойынша үйірме мүшелері акробатикалық жаттығулар тізбегін, скресный әдісін, бір орыннан ұзындыққа секіру әдістерін үйреніп, практикалық жұмыс барысында меңгерді.

Үйірме жетекшісі:



М. Жарқынбеков

